




Б.М. Базарбеков^{1*} , **Б.М. Тлеубердиев¹** , **А.Б. Мақұлбек¹** 
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан, Шымкент қ.
*e-mail: bazarbekov.bakbergen2021@mail.ru

А.СЕЙДИМБЕК ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ МОРАЛЬДЫҚ-ЭТИКАЛЫҚ ҚАЛЫПТАРДЫҢ РЕПРЕЗЕНТТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Андатпа. Қазақ халқының рухани мәдениетін сипаттайтын рухани болмысы, ақыл-ой әлеміндегі жетістігі, тілдің кумулятивтік қызметі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отыратыны белгілі. Мақалада соның негізінде қалыптасатын моральдық-этикалық қалыптардың репрезенттелу ерекшеліктері сөз болады. Мәселенің негізгі бағыты ретінде рухани мәдениеттің бейнеленуіндегі көркем концепт табиғатының ырым-тыйымдармен арақатынасы айқындалып, концептілік тұрғыдан зерттеуді қажет ететіндігі қарастырылады.

Осымен байланысты базалық зерттеу материалы ретінде этнограф-ғалым А.Сейдімбектің еңбектеріндегі, қазақ халқының концептосферасында мәдени бірлік құрайтын «*ырым*», «*тыйым*» концептілерінің репрезенттелу ерекшеліктеріне тоқталамыз. Осы мақсатқа сәйкес ғалымның көркем мәтіндеріндегі аталмыш концептілерді тіл мен мәдениет сабақтастығында зерттеу ұлттың әлеуметтік өмірі мен рухани мәдениетінің тілдік репрезенттелуін дәйектейді. Көркем поэтикалық мәтіндерде осындай моральдық-этикалық бірліктер көркем концептінің репрезентанты ретінде көрініс табатындығы антропоцентристік бағытқа сай салыстыру, модельдеу және кодтау әдістері арқылы тұжырымдалады.

Осы бағыттағы зерттеу жұмыстарының нәтижесі халықтың мәдениетіндегі салт-дәстүрі, ырым-тыйымы, әдет-ғұрпы құрайтын жүйесінің тіл иесінің ой-сезімі мен іс-әрекетінде көрініс тауып, дәстүрі мен тұрмыс-салтындағы мақсаты мен мәнін айқындауға көмектеседі, моральдық-этикалық қалыптарға (нормаларға) иелігі нақты мысалдармен сипатталады. Жалпы халықтық білім сияқты, ырым да рационалды және иррационалды бастаулардың тоғысы ретінде, сондай-ақ синкретті бірлігінің нәтижесі ретінде анықталады. Этникалық тіл мен моральдық-этикалық қалыптарды ұғыну аралығындағы байланыстың сипаты туралы мәліметтер *ырым-тыйымдардағы* тілдік көрініс-бейне (картина) тұтасымен алғанда бірнеше қабаттарға бөлініп, ол қабаттардағы моральдық-этикалық қабаттар хронологиялық (диахронологиялық) сипаттармен ерекшеленетіндігі ырым-тыйым сөздері арқылы көрініс табады. Қазақ тілінің этномәдени атауларының когнитивтік кеңістігіндегі *адам туралы ментальдік түсініктер* профессор А. Сейдімбектің еңбектерінде ұлттық-мәдени ерекшеліктерді құрайтындығы анықталады. Моральдық-этикалық қалыптардың рухани қазына, халықтың өткен өмір тіршілігі мен бүгінгі болмысын болашағымен жалғастыруының көркем мәтіндегі репрезентациясы А.Сейдімбек еңбектерінің негізінде дәлелдемелермен ұсынылады.

Тірек сөздер: ырым-тыйым, әдет-ғұрып, репрезенттелу, таным, рухани мәдениет.

Б.М. Базарбеков^{1*}, **Б.М. Тлеубердиев¹**, **А.Б. Мақұлбек¹**
Южно-Казахстанский государственный университет имени М.О. Ауэзова,
Казахстан, г. Шымкент
*e-mail: bazarbekov.bakbergen2021@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ РЕПРЕЗЕНТАЦИИ МОРАЛЬНО-ЭТИЧЕСКИХ НОРМ В ТВОРЧЕСТВЕ А. СЕЙДИМБЕКА

Аннотация. В данной статье представлены морально-этические принципы духовной культуры – дух народа, достижения в мире разума, совокупная деятельность, которая передается из поколения в поколение. Основным направлением нашего исследования является рассмотрение особенностей репрезентации морально-этических форм в духовной культуре. В этом послании четко рассматривается природа художественной концепции в духовной культуре и ее связь с ритуалами, которые необходимо изучать с концептуальной точки зрения. В качестве базового исследовательского материала мы ориентируемся на работы ученого-этнографа А.Сейдимбека, а также на особенности репрезентации понятий "суеверие" и "запретное", образующих культурное единство в понятий сфере казахского народа. Согласно этой цели, исследование упомянутых концептов в художественных текстах ученого в преемственности языка и культуры указывает на их языковую репрезентацию социальной жизни и духовной культуры нации. Тот факт, что морально-этические единицы отражены в художественно-поэтических текстах как представители художественной концепции, формулируется с помощью методов сравнения, моделирования и кодификации в антропоцентрическом направлении. Результаты исследовательской работы в этом направлении помогают определить назначение и значение системы традиций, обрядов и обычаев в культуре народа, то, как они отражаются в мыслях, чувствах и действиях носителя языка, на конкретных примерах описывается назначение и

значение традиций и образа жизни, морально-этических норм (состояние) собственности. Предполагается, что, подобно общему народному знанию, суеверие можно рассматривать как слияние рационального и иррационального начал, а также как результат синкретического единства. Сведения о характере связи понимания этнического языка с морально-этическими нормами, языковая картина-образ (картинка) в обрядах в целом распадается на несколько слоев, а также о том, что морально-этические слои в этих слоях отличаются хронологическими (диахронологическими) характеристиками, что отражается в словах обрядов. Как и общенародное знание, суеверие определяется как пересечение рационального и иррационального начала, а также результат синкретического единства. Установлено, что ментальные представления о человеке в когнитивном пространстве этнокультурных названий казахского языка, составляют национально-культурные особенности в работах профессора А. Сейдимбека. Репрезентация морально-этических ценностей как духовного сокровища, продолжения прошлой жизни человека и настоящего существования в будущем представлена доказательствами на основе произведений А. Сейдимбека.

Ключевые слова: суеверие, обычай, репрезентация, познание, духовная культура.

B.M. Bazarbekov¹, B.M. Tleuberdiev¹, A.B. Maqulbek¹

South Kazakhstan University named after M. Auezov, Kazakhstan, Shymkent

*e-mail: bazarbekov.bakbergen2021@mail.ru

PECULIARITIES OF THE REPRESENTATION OF MORAL AND ETHICAL NORMS IN THE WORKS OF A. SEIDIMBEK

Abstract. It is known that the spiritual nature of the Kazakh people, which characterizes its spiritual culture, is passed on from generation to generation through the cumulative function of language. This article presents the moral and ethical principles of spiritual culture - the spirit of the people, achievements in the world of the mind, cumulative activities that are passed on from generation to generation. The main direction of our research is to consider the features of the representation of moral and ethical forms in spiritual culture. This message clearly examines the nature of artistic concept in spiritual culture and its relationship with rituals, which need to be studied from a conceptual point of view. As basic research material, we focus on the works of the ethnographer A. Seidimbek, as well as on the peculiarities of the representation of the concepts of "superstition" and "forbidden", which form a cultural unity in the concepts of the Kazakh people. According to this goal, the study of the mentioned concepts in the scholar's literary texts in the continuity of language and culture indicates their linguistic representation of the social life and spiritual culture of the nation. The fact that moral and ethical units are reflected in artistic and poetic texts as representatives of an artistic concept is formulated using methods of comparison, modeling and codification in an anthropocentric direction. The results of research work in this direction help to determine the purpose and significance of the system of traditions, rituals and customs in the culture of the people, how they are reflected in the thoughts, feelings and actions of a native speaker; the purpose and significance of traditions and lifestyles, moral and ethical norms (state) of property. It is assumed that, like general folk knowledge, superstition can be seen as a fusion of rational and irrational principles, as well as the result of a syncretic unity. Information about the nature of the connection between understanding the ethnic language and moral and ethical norms, the linguistic picture-image (picture) in rituals as a whole is divided into several layers, and also that the moral and ethical layers in these layers differ in chronological (diachronological) characteristics, which reflected in the words of rituals. Like popular knowledge, superstition is defined as the intersection of rational and irrational principles, as well as the result of syncretic unity. Mental ideas about a person in the cognitive space of ethnocultural names of the Kazakh language, Professor A. Seidimbek determined that the works represent national and cultural characteristics. The representation of moral and ethical values as a spiritual treasure, a continuation of a person's past life and present existence in the future is presented with evidence based on the works of A. Seidimbek.

Keywords: superstition, custom, representation, cognition, spiritual culture.

Кіріспе

Ғасырлар бойы мәдени-әлеуметтік тәжірибе негізінде қалыптасқан қазақ халқының рухани мәдениетін белгілейтін әлеуметтік, моральдық-этикалық қалыптарының (нормаларының) бейнелі көрінісі тіл арқылы жүзеге асса, ал тілдің мұрагерлік (кумулятивтік) қызметі тіл иесі санасында сақталған оның сүрлеуі мен ізін айшықтайды. Сондықтан да рухани мәдениеттің түп-төркінін, қайнау бастауларын ғылыми тұрғыдан анықтау тіл иесінің күнделікті тұрмысындағы халқымыздың моральдық-этикалық қалыптарды (норма) танудан басталады. Халықтың төл мәдениетінің сан ғасырлар бойы сақталып келген асыл қазынасының құрамындағы ырым-тыйымдарды басқа да тарихи-танымдық көздермен қатар көркем мәтін мұраларынан танып-білу қазіргі замандағы ұлттық сананың жаңғыруы мен мемлекеттік мүддемен үндесіп, сол арқылы қоғамдық-әлеуметтік жарастықтың орнауына ықпал етері сөзсіз.

Осы тұрғыдан келгенде этнограф-ғалым А.Сейдімбектің ырым-тыйымға қатысты ана тілінің алтын қорында сақталған тілдік деректері өмір шындығын, халықтың тұрмыс-салты мен

тіршілігін, қоғамдық-мәдени даму үдерісін тайға таңба басқандай дәл де шебер, мәнді етіп бейнеленуімен де құнды. Бұл арада халқымыздың рухани мұрасы қаншама жиналса да, әлі де болса қалтарыста қалған қазынасының үлгілері мен жұрнақтарының бірі, ырым-тыйымдар да жоқ емес. Қазақ руханиятын танытуда еңбегі ерекше жан-жақты ғалым А.Сейдімбектің көнені көзден өткізе отырып, жаңамен сабақтастырып, жалғастырып отырғаны аса маңызды.

Рухани мәдениеттегі моральдық-этикалық қағидаттар – халықтың рухы, ақыл-ой әлеміндегі жегістігі, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отырылатын кумулятивтік құдіретті күші. Себебі рухани мәдениет негізінде адамзат қауымы қалыптасып, белгілі бір этникалық топ құрайды. Сол этникалық топқа тән моральдық-этикалық қалыптар (норма), мінез-құлық, этностық таным мен көзқарас, наным-сенім, салт-дәстүр ұлттық рухпен суарылып, соның айғағы, айқын бейнесі ретінде тілде көрініс табады. Дәлірек айтқанда, күнделікті тұрмыс тәжірибесі негізінде санамызда қалыптасқан дүниетанымдымыз рухани мәдениетті құрайтынын этнолингвист-ғалым С.Е.Жанпейісова былайша тұжырымдайды: «Халқымыздың мәдениет негізінде, этнопедагогикалық дағдыларында, өзіндік дүниетанымдары мен құқықтық, қоғамдық нормаларында, өмір тәжірибелерінде талай құнды ғылыми деректер бар. Ол – жалпы этносты танудың, әсіресе оның интеллектуальды ерекшеліктерін танудың құралы» (Жанпейісова, 1999: 24). Демек, рухани мәдениет – халық болмысы мен ол өмір сүріп отырған терең тамырлы және көне дәстүрлерге ие қоғамның моральдық-этикалық қалыптары. Халықтың осы салт-дәстүрі, ырым-тыйымы, әдет-ғұрпы – рухани мәдениеттің негізі ретінде белгілі бір жүйені құрап, осы жүйе арқылы тіл иесінің ой-сезім мен іс-әрекетінде көрініс тауып, дәстүрдің, тұрмыс-салттың мақсаты мен мәнін айқындайды.

Осы тұрғыдан келгенде қазіргі қазақ тіл білімінде өріс алған антропоэкеттік парадигма аясында көркем немесе поэтикалық мәтіндерде қолданылған моральдық-этикалық бірліктер көркем концепт репрезентенті ретінде анықталады. Соған сәйкес рухани мәдениеттегі көркем концепт табиғаты мен оның ырым-тыйымдармен арақатынасын тіл мен мәдениет сабақтастығында кешенді зерттеген руханият танушы ғалым А.Сейдімбек еңбектерінде, рухани санада концептуалдану үдерісін айғақтайтын мәдени бірлік құрайтын «ырым», «тыйымға» қатысты концептілердің репрезенттелу ерекшеліктерін тану аса өзекті.

Академик Р.Сыздық атап көрсеткендей «Көркем әдебиет тілін зерттеудің негізгі мұраты – тілдің өзін емес, оның мүмкіншілігін көрсету» (Сыздық, 2004: 5) – деген болатын. Олай болса, рухани мәдениеттегі моральдық-этикалық көркем концепті тек тілдік емес, тұтас тілдік ұжымның, ұлттың лингвотанымдық мүмкіншілігін, сол арқылы ұлттың интеллектуалдық әлеуетін мәдени тұрғыдан көрсету туралы этнограф-ғалым А.Сейдімбек шығармашылығының ауқымды этномәдени, лингвомәдени материалдары негізінде көрсетуде аса маңызды.

Ырым – жақсы ниетпен жасалатын әр түрлі әдет-ғұрып, ескіден қалған көне дәстүр. Көшпелі қазақ халқының психологиясын түрлі ырым-жоралар арқылы да пайымдауға болады. Зерттеу барысы дәстүрлі ырымның шығу төркіні мифтік діни дүниетанымнан гөрі нақтылы салт-дәстүр, өмірлік тәжірибемен көбірек байланысты болып келетінін көрсетеді. Ырымның тәрбиелік мәнімен қатар танымдық негізі де жоқ емес. Мысалы, нәрестенің кіндігін жаны жақсы адамға кестіру, баланың тұсауын жүйрік немесе атағы шыққан танымал адамға кестіру сияқты ырым.

Материал және әдістер

Ұлттық рухани мәдениетті зерделеу соған сәйкес ұжымда қалыптасқан өмір сүрудің дағдылары мен тәртібін белгілейтін моральдық этикалық нормаларын танытуымен қатар ұжым мүшелерінің тілдік репрезентациясы тіл мен танымның байланысын дәлелдейді. Бұл бағыттағы зерттеулерге ғылыми әдістемелік негіз болатын мифотанымдық, лингвомәдени, этнолингвистикалық зерттеушілер қазіргі қазақ тіл білімінде жаңа деңгейге көтерілуде (Ө.Қайдар, Е.Жанпейісов, Б.Ақбердиева т.б.). Ойтолғам, парасат-пайым, мәдениет жайлы ұғымдарының этнос өміріндегі орнын сипаттайтын тіл қызметінен де хабардар етеді. Мәселен этнограф-ғалым А.Сейдімбек зерттеп, зерделеп қарастырған «*ырым-тыйымдарда*» тіл иесінің пайым-парасатының орасан зор үлгілері сақталған. Ғалымның тіл мен таным сабақтастығындағы этнотанымдық зерттеу еңбектеріндегі моральдық-этикалық қалыптарды этностың көркем ойлау

деңгейін танытатын тілдік бейнесі деп қарауға болады. Ал рухани мәдениет мәселелері – сол тілді қолданушы қауымның тарихымен, ұлттық мәдениетімен, рухани болмысымен, өмір тіршілігімен байланысты кешенді жүйе. Себебі сол тілде сөйлеуші этностың ұғым-түсінігіне, ой-санасына, салт-дәстүріне байланысты мол мағлұмат бере алатын негізгі көз – тілдік ақпарат.

Демек, рухани мәдениеттегі «*ырым-тыйымдардың*» репрезенттелуі адам санасындағы дүниені танып білудің эстетикалық таным деңгейімен де тығыз байланысты. Мысалы, *Ескіден қалған бұрынғы, батуалы ырымды, Адаспастай даңғыл сол – Қасым салған қасқа жол, Шыырға салып із кетті* (Дулат Бабатайұлы, Замана), *Қалқаман «Бастан қыл – деп қызға келді, - Азар болса бір тоқты шығын шығар»* (Ш. Құдайбердиев шығармалары). Жоғарыдағы келтірілген мысалдарда түрлі тілдік, тілдік емес ақпараттарды ментальді, мәдени құндылықтарды айқындайтын таңба ретінде бағалауға болады: жақсы ниетпен жасалатын әр түрлі әдет-ғұрып, көне дәстүр; *бастан* деген ырым бар; жақсы ниетке негізделген нышандар. Олардың құндылық мәні мен лексикографиялық дефинициясы дискурстық талдау әдісі, этнолингвистикалық, лингвомәдени интерпретация әдісі арқылы айқындалып түсіндіріледі.

А.Сейдімбек *ырым* түрлеріне ден қоя отырып, алдымен ұлттың әлеуметтік өмірі мен табиғатқа деген қарым-қатынасына назар аударады. Ғалымның тұжырымдауынша адамның қоғамға, табиғатқа қатысты жасалатын эмпирикалық қорытындылары ырымдар арқылы көрініс тауып отырады: «Әрине, адамның адамға, қоғамға және табиғатқа қатысты жасайтын эмпирикалық қорытындылары ұдайы дұрыс бола бермеуі әбден мүмкін. Яғни, ырымның себеп-салдары күнделікті өмірдің ақиқаты (аксиома) ретінде қабылданбайды. Бірақ көшпелі қазақтың қоғамдық психологиясындағы кісілікті қалып, парасат-пайым ырым аталудан жақсылық дәметеді немесе жамандықтан тыйылады. Бұл тұрғыдан келгенде, жалпы халықтың білімі сияқты, ырымды да рациональды және иррациональды бастаулардың тоғысы ретінде, солардың синкретті бірлігінің нәтижесі ретінде қарастыруға болады» (Сейдімбек, 2010: 211).

Бұлайша тұжырымдауға басқа да антропоэзектік әдістермен қатар социоллингвистикалық әдістер де септігін тигізеді. Ғалымның жинақтап, зерттеп отырған моральдық-этикалық қалыптарының тілдік репрезенттелуі ақиқат атаулармен байланысты нақтыланып, сонымен қатар ырым-тыйымдардың семантикасының көбіне ашық болып келетіндігі олардың атқаратын функциясының айқындығында болса керек. Мәселен, А. Сейдімбектің еңбектеріндегі: *бала тоқтық тартса, тоқшылық болмақ; бала жол қараса, алыстан жолаушы келмек; бала басын шұлғыса, мал аман болып, өсіп өнбек; бала басын шайқаса, жаманшылық болады; бала оң аяғын көтерсе, алыстан аңсаған туысқан келмек; бала атысып ойнаса, ұрыс-керіс болмақ* сияқты ырымдарға қатысты этномәдени пайымдауларына коннотациялар үстеу арқылы олардың бейнелілігі, стильдік эстетикалық семантикасы арта түскен. Сонымен қатар жоғарыда айтылып отырған ырымдардың лингвопрагматикалық тұрғыдан талдануы сол заманның атмосферасын, ұлттық нышанын, бояу-өрнегін де жеткізеді. Зерттеушінің пікірі бойынша, осылардың барлығы түрлі көркем мәтіндерде көрініс тауып, тіл арқылы адамаралық қатынастарды, моральдық-этикалық сипаттамаларды көрсете алады.

Әдебиетке шолу

Зерттеуімізде халықтық рухани мәдениеттегі моральдық-этикалық қағидаттарға байланысты Р.Сыздық, Ә.Қайдар, Ж.А.Манкеева, Г.Смағұлова С.Е.Жанпейісова, Р.А.Авакова және шетелдік З.К.Тарланов В.А.Маслова т.б. белгілі ғалымдардың еңбектері негізінде этнограф-ғалым А.Сейдімбектің тұжырымдамаларын салыстыра-сабақтастыра зерттеу үлгісі тұрғысынан талдаулар жасалды.

Концептінің көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің репрезентациясының мәнін ғалым Қ.Рысбергген былай түсіндіреді: «Көркем мәтін тілі семантикасы мен интерпретацияларының алуандылығымен ерекшеленеді десек, оларды түсіндіру де көркем образдың алуандылығымен, автор мен оқырман кодтарының айырмашылығымен, сондай-ақ шығарма оқырманға жеткенге дейінгі тарихи-әлеуметтік, мәдени, тілдік өзгерістермен де шартталады. Яғни, оқырман өзінің өмір тәжірибесіне, тілдік тезаурусының қабілеттілігіне, «тереңдігіне» байланысты көркем мәтін арқылы ғаламның ұлттық бейнесінің «тереңіне» бойлай алады» (Рысбергген, 2011: 222).

Көркем мәтіндерде кездесетін *ырымдар* болжамдармен шендесе отырып, халықтық

білімнің санатына жатады. Ал халықтық білімнің «тереңіне» үңіліп қарасақ, түптеп келгенде ырымдар адам қоғамдағы қоршаған орта туралы таным-түсініктің, дағдының және нақтылы өмір тәжірибенің жиынтығы ретінде тіл арқылы көрініс табады.

Тіл мен танымды тығыз байланыста қараған ғалым *ырымдардың* халық өміріндегі әрқилы кезеңдерді, қарым-қатынас пен қоғамдық құбылыстарды бейнелей сипаттайтынын, көңілдегі ойды шебер де ұтымды қысқа түрде жеткізетінін, мән-мазмұнға бай рухани мәдениеттің бел алып жататындығын ерекше атап көрсеткен. Демек, халық өмір шындығына қатысты көңілге түйген ырым-тыйымдарын айшықты тіл арқылы ұрпағына үлгі-өнеге етіп қалдырып отырған. Солай дегенмен де кез-келген ырым, сөз ұрпақтан ұрпаққа жетіп, ақиқат ретінде таныла бермесі хақ, өз дәуірінің ойлы кемеңгерлерінің халық көкейінен шығатын, ұтқыр ойлы, бейнелі, өткір сөзі ғана кеңінен таралып, танымал болуы мүмкін. Солардың біразын ғалым А.Сейдімбектің көрсеткен ырымдарының тілдік нұсқаларынан көруге болады: *әйелдің тақымы тартса, жолаушылап кеткен күйеуі келмек; алақан қышыса олжа болады; табаның қышыса, жол шақырады; ерттеп жатқанда жылқы тезек тастаса, жол болады; төстің арам шемірішегін маңдайша мен босағаға ұрғанда жабысса, ат жүйрік болады; ордалы жыланға тиіссең, жиналып келіп кек алады; ит ұлыса, бір қатер шақырғаны; сауысқан шықылықтаса, қонақ келеді; тіліңді тістеп алсаң, үйіңе ашыққан қонақ келеді; құйрықты жұлдыз туса, жұртқа бір жаманшылық; мысық бетін жуса, қонақ келеді; оң құлағың шуылдаса, жақсы хабар естисің; сол құлағың шуылдаса, жаман хабар естисің; түсіңде өлік көрсең, жұмырың ұзақ болады; қолының саласы қысқа адам сараң болады; желке шұқыры терең адам кесір болады; еріні қаймыжықтай жұқа кісі сөзшең болады; көзі сығыр кісі қу болады; қарлығыаш ұя салған үйдің дәулеті артар; бөдененің жұмыртқасын тапқан адам бай болады; ат кермеде тұрып құйрығын тарақтаса, алыс жолға мініледі; қатар мініп келе жатқан аттар тістессе, сапар қысқа болады т.б.*

Халық шығармашылығының басқа түрлері сияқты мәдени-элеуметтік өмір тәжірибесінде қорытылып қалыптасқан ырым-тыйымдарды да әуел баста жеке адамдар шығарады, өзгертеді. Демек бұлар – бірте-бірте жалпыхалықтық мұраға айналатын белгілі бір халықтың өмірде көрген-білгеннен жасаған қорытындысы, айшықты тілі арқылы сақталған ақыл-ой түйіні.

Қазақтың ырым-тыйымдарының ғылыми тұрғыдан зерттелуіне арналған іргелі ғылыми зерттеулер, түрлі мақалалар да баршылық. Солардың ішінен рухани мәдениеттегі моральдық-этикалық қалыптардың (норманың) тобын арнайы қарастырып, олардың негізгі мағыналық топтарын, жанрлық ерекшеліктерін зерттеп қарастырған – мәдениеттанушы А.Сейдімбек. Бұл орайда ғалымның ырым туралы этикалық қалыптары былайша тұжырымдалады: «Көшпелі қазақ амандық-саулық білісуге айрықша мән беріп, жөнімен сәлемдесуді ырым көретін болған. Мәселен, мал жайып жүрген малшыға есендескенде «Жаяр көбейсін!», «Өріс шүйгін болсын!», «Өріс кең болсын!» дегендей тілек білдіре тіл қатады. Мұндай тілекке «Айтсын!», «Айтқаның келсін!» деп жауап беріп, әрі қарай жөн сұрасып кететін болған. Сол сияқты, мал суарып тұрса, «Суарар көбейсін!», көшке кездесе, «Көш көлікті болсын!», «Көш байсалды болсын!», жолаушыға кездесе «Сапар оң болсын!», «Жол болсын!», бас қосқан ортаға тап болса, «Орта толсын!», мал сойып жатса «Сояр көбейсін!», «Соғым шүйгін болсын!», шөп шауып, қи ойып немесе басқа да жұмыс жасалып жатса «Еңбек берекелі болсын!», қой қырқып жатса «Қырқым көбейсін!», өлік үстіне кезіксе «Қазаның артының қайырын берсін!», кештетіп үйге келсе «Кеш жарық!», бала туған үйге кірсе «Нәрестенің бауы берік болсын!», ауыл жаңа қонып жатса «Қоныс құтты болсын!» т.б. дегендей тілектер айтысып амандасу рәсімі қалыптасқан (Сейдімбек, 2010: 218).

Жоғарыда келтірілген деректерге мәтіндік талдау тұрғысынан назар аударар болсақ, *тіл – мәдениет – сана* бір-бірімен тығыз байланыста екендігін байқаймыз. Бұл үш компонент бір-бірімен тығыз байланысты, бір-бірінен қызмет атқара алмайды, бүтін бір тұтастық құрайды. Бұлардың барлығы рухани мәдениеттегі моральдық-этикалық қалыптарды айқындай түседі және оның негізін қалайды. Осының нәтижесінде қазақ әлемінің «рухани мәдениетінің тілдік бейнесі» деп аталатын ұғым пайда болады.

Этникалық тіл мен моральдық-этикалық қалыптарды ұғыну аралығындағы байланыстың

сипаты туралы З.К.Тарланов былай дейді: «Тіл-қарапайым форма емес және коммуникацияның қарапайым құралы емес, бұл сонымен қатар тұтастай алғанда бүтін, дербес әлем, оның заңдары мен ережелері өзінің мәніне қарай тілдік бола отырып, әлеуметтік психология өкілдеріне де, әрі олар жасап отырған мәдениеттің құрамына да тікелей қатысты болады. Этномәдениет кейде этникалық тілден тыс өмір сүре алмайды, ал егер өмір сүрсе ол нақты, сенімді болып келеді, этнос тек тілде ғана толық, кең әрі қайталанбайтындай етіп ашылады. Екінші жағынан, этникалық мәдениеттің этникалық дүниетанымынан және танымдық қызметтің тәжірибесінен байланысын үзетін тіл өзінің терең мағынасынан толық айрылады, осылайша ол қарым-қатынастың бір құралы болып трансформацияланады» (Тарланов, 1993: 8).

Осы тұрғыдан келгенде А.Сейдімбек қарастырып отырған рухани мәдениеттегі моральдық-этикалық қалыптар – ұлттық сипаты бар деп танылатын әлеуметтік, танымдық, этика-эстетикалық, рухани және тұрмыстық қатынастар мен олардың заңдылықтарын тілдік құралдар арқылы зерттейтін тіл білімінің бір бағыты. Осы тұрғыдан алғанда ырым-тыйымдарды қарастырудың негізгі мақсаты – ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, халықтың танымдық рухани болмысын, мәдениетін таныту.

Демек, рухани мәдениеттегі моральдық-этикалық қалыптарды қарастыру этнолингвистикамен сабақтас. Ғалымның зерттеп қарастырып отырған бұл саласы этнос тілінің тілдік табиғатын айқындауға тікелей қатысты болмаса да, этностың мәдениетін таныту мүддесін көздеген ұлттық рухани мәдениетімен сабақтас. Лингвомәдениеттанушы ғалым В.А.Маслова тіл мәдениетпен тығыз байланысты дей келе «...мәдениет тіл ішіне енеді, онда дамиды және сол тілдің мәдениетін білдіреді, халық мәдениетін танытушы ғылым саласы» (Маслова, 2001: 9) – деген пайымдаулар жасайды.

Нәтижелер және талқылау

Рухани мәдениеттегі моральдық-этикалық қалыптар көшпелілердің мәдениеті – бұл ең алдымен ұлттық таным және қоғамдық-әлеуметтік өмірді реттеп отыратын қоғам қажеттілігінен туған рухани мәдениеттің үлгілері. Бұл тұрғыдан халықтық білімнің бір көрінісі ретінде ырым да әлеуметтік ортаны реттеп отыруға, адамдарды белгілі бір мақсатқа жұмылдыруға, сол арқылы қоғамдық жарастықтың орнығуына қызмет етеді. Сондықтан А.Сейдімбек: «Көшпелі қазақтардың бұл сияқты рухани болмысына осы уақытқа дейін жат жұрттық талғам талабымен қарап келдік. Ондай қалыптың үлгісі белгілі, көшпелілер феноменіне айғақ болар рухани құбылысты, әрі кетсе «қолданбалы-кәделік өнер» (утилитарно-прикладной) деп бағалау орныққан. Ал шын мәнінде көшпелілерді мәдени деңгейде өмір сүрген деп ойлау ешкімнің де қаперіне келген жоқ (Сейдімбек, 2008: 42) деп, моральдық-этикалық дәстүрлі мәдениетіміз жайлы ойын қорытындылайды.

А.Сейдімбек қазақ халқының моральдық-этикалық таным-түсінігін, сондай-ақ қазақтың ұлт ретіндегі болмыс тарихын сыртқы күштің әсерімен танылған талғам-түсініктен ада етіп түсіндіруді рухани мәдениеттің коды етіп алуды ұстаным етті. Мұндай мәдени код А.Сейдімбек еңбектерінің өзіндік ерекшеліктерін аңғартып қана қоймай, сонымен бірге этномәдениет саласындағы байсалды ой-тұжырым ретінде назар аудартады. Сондықтан «А.Сейдімбектің ғылыми мақсат-мүддесі этносты қалыптастырған өткеннің бар асылын бүгін мен келешек кәдесіне жарату болды» (Шындалиева, 2019: 284).

Бұл орайда этнограф, мәдениеттанушы ғалым А.Сейдімбек қазақтың дәстүрлі ырымдарын төмендегіше бекіте түседі: *Қыз туса, үйге тұтқа болсын деп кіндігін от орнына көмеді. Ұл туса, түзге тұтқа болсын, елдің қорғаны болсын деп кіндігін алты қырдан асырып тастайды.*

Жаңа туған нәрестені ауыздандырарда жеті жұрттың тілін білсін десе, сауысқанның тілімен, күйші болсын десе, домбыраның құлағымен, бай болсын десе қойдың құйрығымен ауыздандырған.

Қаз басып жүре бастаған баланың тұсауын кесерде үш түрлі тілекпен кеседі. Бірінші – баланың тұқымы өсіп-өніп, шөптей көп болсын деп, аяғын шөппен тұсап кеседі. Екінші – малды, майлы болсын деп, аяғын тоқ ішекпен тұсап кеседі. Үшінші – адал болсын, біреудің ала жібін аттамайтын шынышыл болсын деп, баланың аяғын ала жіппен тұсап кеседі.

Баланы зарығып көрген адам дүниеге келген нәрестесін біреуге беріп, одан қайта сатып

алу ырымын жасайды. Мұндайда қайта сатушы адам, балаға көз тимесін, аман болсын деген тілекпен дуана кейінде киіндіріп, баскиіміне қауырсынның тозығы жеткен сояуларын қадайтын болған.

Малға ен-таңба салған кезде кесілген қанды құлақтардың үстіне ақ тамызып, құмырсқаның илеуіне тастайтын ырым болған. Мұнысы – мал құмырсқадай көп болсын дегені.

Көктемде құмырсқа илеуіне диқан ата үш тал ши шаншады. Оның бірі – ұзын, кеудеқағар. Екіншісі – орташа, кіндіктен аспайды. Үшіншісі – тізеден ғана келетін қысқа ши. Егер құмырсқа кеудеқағар шидің басына көп шықса, онда бидай биік те бітік шығады. Орташа шиге шықса, орталау, ал тізе қағар аласа шиге көбірек аялдаса, астықтың шығымы да аз болмақ. Бидай бұғып қалатындай қуаңшылық болады деп ырым көреді» (Сейдімбек, 2010: 213, 217).

Рухани мәдениеттегі моральдық-этикалық қалыптардың бірі – тыйым. Қазақ халқы тыйымды тәрбиенің басты тірегі ретінде белгілеп, жаман, жағымсыз әрекеттерден аулақ болуды ежелден талап еткен. Арғықазақ мифологиясында мынадай таным тілдік семиотикалық таңбалар ретінде қарастырылып, тілдік санада өз әлемін құрып, сол әлемнің тілдік көрінісін бере алады: орман, тау, жазық, аң иелеріне арнау-арбау оқымаса, олардың қаһарына ілінуі, түрлі атаулардың иелеріне бағышталған дұға, арбауларды білмей қалса, өлімге ұшырауы, түрлі тыйымдар ішінен бірін білмей қалса, тағы да толып жатқан қауіп-қатерге қалуы мүмкін деп ойлаған. Рухани мәдениеттің болмысын мифологиялық, тарихи, эстетикалық, моральдық-этикалық қырларында тану – этностың тұрмыс-тіршілігіне, дүниетанымына, қоғамның тарихи әлеуметтік дәрежесіне, өмір сүріп жатқан заманына байланысты екені анық. Сол себепті ырым-тыйымдардағы тілдік көрініс-бейне (картина) тұтасымен алғанда бірнеше қабаттарға бөлінеді, ол қабаттардағы моральдық-этикалық қабаттар хронологиялық (диахронологиялық) сипаттармен ерекшеленеді.

Осы тұрғыдан келгенде ғалым А.Сейдімбек салт-дәстүр, наным-сенім, моральдық-этикалық және құқықтық қалыптар сияқты тыйым да әрбір әлеуметтік ортаны реттеп отыруға, адамдарды белгілі бір мақсатқа жұмылдыруға, сол арқылы қоғамдық жарастықтың орнауына қызмет ететіндігін айта келе, мынадай нақты мысалдармен көмкеріп отырады: «Отты шаппа; отты баспа; отқа су құйып өшірме; отқа түкірме» т.б. (Сейдімбек, 2010: 192).

Ғалым өз зерттеу еңбектерінде тыйымның түпкі тамыры мифтік және діни танымнан бастау алады деген ой-тұжырымды (концепцияны) жоққа шығармайды. Дегенмен де мифтік дүниетаным да, діни дүниетаным да саналы адамның (хомосапиенс) тіптен берідегі ғұмыр жолына да тән екендігін тілге тиек етеді: «Саналы адам, дәлірек айтқанда, қазіргідей адам жер бетінде ең бері қойғанда қырық мың жыл бұрын қалыптасып үлгерген. Демек, саналы адам мифтік-діни дүниетанымнан көп бұрын, нақтылы өмір мұқтажын өтеу барысында тыйым атаулымен беттескен» (Сейдімбек, 2010: 192).

Осымен байланысты академик Ә.Қайдар этностың бүкіл рухани, мәдени байлығын былайша топтастырады: «...этнолингвистикалық зерттеулер тіл байлығын макросистемалар мен микросистемаларға бөліп алып, оларды табиғи жүйе бойынша жіктеп, топтастыра, өзара байланысты сала-салаға бөліп қарастырады. Мәселен бүкіл болмысты «Табиғат», «Адам» және «Қоғам» деп үлкен үш салаға бөліп қарасақ, ғылымдағы идеографиялық классификация бойынша анықталған микросистемалық ұғымдардың бәрі осы үш саланың аясына толық сияды екен» (Қайдаров, 1988: 36).

Осы орайда зерттеуші А.Сейдімбектің дәстүрлі тыйымдарын да үш салаға бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – адамға қатысты тыйымдар. Екіншісі – қоғамға қатысты тыйымдар. Үшіншісі – табиғатқа қатысты тыйымдар. Мұның үшеуінде де тыйым адамдарға қарата айтылатындығына баса назар аударады. Яғни, адамның адамға қатысы, адамның қоғамға қатысы, адамның табиғатқа қатысы тыйым арқылы бағамдалады, антропоэлектік парадигма аясында танылады.

Осы тұрғыдан ғалымның зерттеулеріне назар аударар болсақ, бұлайша жіктеуде шарттылықтан гөрі көшпелі қазақ болмысына тән тыйымдардың ерекшеліктерімен санасушылық басым екені аңғарылады. Ғалым танымында қоғам да, табиғат та нақтылы субъект немесе объект ретінде емес, типологиялық кең аяда қарастырылады. Сонымен қатар қазақ болмысына тән адамға, қоғамға және табиғатқа қатысты тыйым түрлерінің төл ерекшеліктеріне жеке-жеке

тоқталып өтеді.

Қазақ тілінің этномәдени атауларының когнитивтік кеңістігіндегі *адам туралы ментальдік түсініктер* этнограф ғалымның еңбектерінде ұлттық-мәдени ерекшеліктерді құрайды. Қазіргі тіл білімінің лингвистикалық зерттеулерінде негізгі парадигмаға айналған тілді зерттеудегі антропоэлектік әдіс адамның тілін лингвомәдени қауымның өкілі ретінде тілді, рухани мәдениеттегі моральдық-этикалық қағидаттарды адам тұрғысынан зерттейді, өйткені тілдің іргелі қасиеті болып антропоэлек танылады. Сондықтан этномәдени пайымдаулар жеке адамдардың емес, адамдардың нақты бір ұлттық ұжымының танымына сай жасалады.

Сондықтан да «Қазіргі ғылым үшін жай ғана адам мәселесі қызығушылық тудырмайды, ішкі таным дүниесі бар, заттар мен құбылыстарды танып білуде өзіне ұқсас адамдардың әлеміне деген қызығушылық қатынасы бар тілді, сананы тасымалдаушы адам қызығушылық тудырады. Ол әлемде және жерде ерекше орынды иеленеді, ұлттық мәдени ерекшелікті концептуалдық түрде ұғынуға мүмкіндік береді» (Маслова, 2001: 114).

Э. Бенвенист те тіл адамның өз табиғатында жатыр деп жазған болатын: «Дүниеде тілі бар адам, басқа адаммен сөйлесетін адам және тіл ғана өмір сүреді. Сондықтан адамның өзін анықтап алу қажет... Атап айтқанда, адам тілмен және тіл арқылы субъект ретінде құрылады, өйткені тіл ғана өмір сүру қасиетіне тән шынайылықты, шындықты береді» (Бенвенист, 1974: 293).

Осы тұрғыдан профессор А.Сейдімбек адам мен оның тілін біртұтас қарастырып, тілді қоғамдағы адамдардың қарым-қатынас құралы ғана емес, этностың рухани мәдениетінің моральдық-этикалық қалыптарының көрінісі, және сол этностың бүкіл мәдени байлығының куәгері іспетті барлық болмысы мен өмір тіршілігінің, дүниетанымы мен әдет-ғұрпының, ырым-тыйымдарының жиынтығы деп атап көрсетеді.

Адам дегеніміз – рухани мәдениеттегі моральдық-этикалық қалыптарды танытатын ерекшеліктерімен бағаланатын, ойлау және сөйлеу қабілеті зор халық, жұрт, көпшілік, қоғамның саналы мүшесі. Осыған орай ғалым А.Сейдімбек *адамға қатысты тыйымның аясына* еркек те, әйел де, бала да, ересек те, хан да, басшы да, қосшы да қамтылатынын айта келе: «Тек, әрбір тыйым ешбір затпен немесе өзгеге қатысты қимыл-әрекетпен байланыссыз, адамның жеке басына тікелей арнаулы шарт. Дәлірек айтқанда, адамға қатысты тыйым жеке адамның өзіне қатысты әрекет сөзін ғана қамтиды» (Сейдімбек, 2010: 197), – деп, нақты мысалдармен дәлелдейді. Мәселен, *қолыңды төбеңе қойма; таңдайыңды қақпа; басыңды шайқама; алаң-жұлаң етіп жүрме; аузыңа ерік берме; аяғыңның басына қарап жүрме; аяғы ауыр әйелге керілген арқаннан аттауға болмайды; басыңды салбыратып отырма; басыңды шайқама; бет-аузыңды қисаңдаттып сөйлеме; беталды күлме; бүйіріңді таянба; бұтыңды ашып отырма; жағыңды таянба; жуған қолыңды сілкіме; қолыңды айқастырма (өлген адамның қолын айқастырады); қолыңды аузыңа салма; көзіңді жыпылықтатпа; мұрныңды шұқыма; табаныңды тартпа; таңдайыңды қақпа; тізеңді құшақтама; тісіңді қайрама; тырнағыңды аузыңа салма; шашыңды жайма (қаралы емесің); үрлеме; тырнағыңды түнде алма; т.б.* (Сейдімбек, 2010: 199-202). Сонымен қатар этнограф-ғалым адамның кейбір мүшелерін тікелей атаудан басқа «ұлы мүше», «сарпай», «қаса», «шөтей» «насыбай», «күрсақ» т.б. деп айтылатын бодау сөздерді (эвфемизм) де адамға қатысты тыйымның санатына жатқызып моральдық-этикалық қалыптардың тілдік бейнесін этнолингвистикалық тұрғыдан жүйелеп көрсетеді.

Соның нәтижесінде қазақ халқының тілінде берілген тыйымдарды адамның таным-түсінігімен байланыстырып, қазақ халқының рухани мәдениетінің, моральдық-этикалық білімдерінің ассоциацияларын мен эмоцияларының репрезенттелу жиынтығын қамтитыны туралы тұжырым жасайды.

Қоғамға қатысты тыйымдар дегенде адамның тікелей өз басына қатысты емес, сол адамның қоғамдағы өзге адамға немесе затқа қатысты әрекеті мен сөзі қаперде болады. «Қоғамда адамнан талап етілетін тыйым қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі субъектіге немесе объектіге қатысты деген тұжырымы әрбір этикалық қалыптың мән-мағынасын жан-жақты бажайлауға жол ашады. Қоғам термині тұтас адамзатқа немесе оның жекелеген бөлігінің рухани мәдени даму кезеңіне, моральдық-этикалық қалыптарына да бағытталып айтылады.

Ғалым А. Сейдімбек қоғамға қатысты ырымдардың халық даналығының ұйытқысы болып саналатындығын, ырым-тыйымның құдіретті күш арқылы қалыптасатындығын тілге тиек ете отырып төмендегідей дәйектермен нақтылайды: *үлкен кісінің алдын кесіп өтпе; қонағыңа ашуланба; көпшілікке жамандық ойлама; дәмге қарап түшікirme; молаға қарай жүгірме; адамға қарсы үй сыпырма; адамға саусағыңды шошайтпа; аңға алғаш шыққанда олжаңды ешкімге сыйлама; аңшы аңға шығарда қаруы мен қамшысына әйел адамның қол жалғауына болмайды; ат құйрығын кеспе (тұлданған жылқының құйрығын кеседі); ауылдан аттанарда шаба жөнелме; аяғы ауыр әйелге қоян етін жеуге болмайды; (перзентінің ерні жырық болады); әйел адам ер адамның қайда барарын сұрамас болар; әйел адам етегін жауып отырар болар; әйелге жолаушының жолын кесіп өтуге болмайды; басыңды босағаға беріп ұйықтама; бейіт басынан қайтқанда басқа үйге кірме; бесікті ашық қалдырма; босағаны керме; біреудің ала жібін аттама; бір қолмен нан үзбе, бір қолмен су құйма; жаңа түскен келіншек алғашқы перзентін көргенше іш киімін қысқартуға болмайды; жас түскен келін үйдегі жақындарының атын атамас болар; жатқан малдың үстінен аттама; қаруды адамға кеземе; кәрі жілікті әйел балаға ұсынба; майлы тамақтан соң салқын су ішпе; сүйекті отқа салма; сүттің бетін ашық қалдырма т.б. (Сейдімбек, 2010: 201-208).*

Тіліміздегі табу мен эвфемизм негізінде жас келіннің келін болып түскен үйдегі кісілерге жанама ат қойып алуын, жасы үлкен кісіні «пәленшеке-түгеншеке» деп сыпайылап атауын, сонымен қатар бодау сөздерді де қоғамға қатысты тыйымдардың санатына жатқызады.

Сонымен, ғалым көрсеткен қоғамға қатысты ырымдарда қазақ танымына қатысты мифологиялық, этникалық, эстетикалық, наным-сенімдік, моральдық-этикалық көріністер туралы когнитивтік ақпараттардың бар екендігін байқауға болады.

Соның негізінде кез-келген тілдің рухани мәдениетіндегі моральдық-этикалық қалыптардың жүйесін сол тілдің құрамдас бөлігі ретінде қарайтын болсақ, онда этномәдениет те тіл сияқты халықтың сан қырлы өмірінің, болмысының айнасы ретінде өзінің жинақтаушы, сақтаушы, кумулятивті қызметін атқарады деп айтуымызға болады.

Мәдениеттанушы ғалым А. Сейдімбек *табиғатқа қатысты* тыйымның санатына адамды қоршаған ортаны, жан-жануарлар дүниесін, аспан денелерін, тіптен табиғаттың перзенті ретінде адам болмысының көптеген қырларына қатысты әрекеттері мен сөздерін жатқызған жөн деп тұжырым жасай отырып, адамның өмірлік және танымдық-эстетикалық ғибраттану ортасына да мән береді. Рухани мәдениеттегі, моральдық-этикалық қалыптарға негіз болатын табиғатқа қатысты тыйымдар адамның туған жерге деген көзқарасын да білдіре алады. Табиғатқа қатысты тыйым ұлт пен табиғаттың арасында пайда болатын құбылыс. Бұл жөнінде тілші-ғалым Ж.А.Манкеева былай деп жазады: «Табиғат көрінісіне, жағдайына икемделу – адамның негізгі бір қасиеті. Жүздеген я мыңдаған жылдар бойы жалғасатын бұл икемделу тек материалдық өндіріспен ғана байланысты емес, ол адамдардың ой-өрісіне де әсер етеді. Этнос пен табиғатты біртұтас ұғым деп қарау әсіресе көшпенділер мәдениетін, психологиясын түсіну үшін ерекше маңызды. Себебі, олар көбінесе осы екі ұғымның (этнос пен табиғат) нәтижелік көрінісі» (Манкеева, 1997: 53).

Рухани мәдениеттің табиғатқа қатысты тыйымның ұлттық болмыс концептілерін жасау, тіл мен таным үдерістерінің ара қатынасын көрсету тіл қолданысының когнитивтік жүйесіне сүйенеді. Рухани мәдениеттегі моральдық-этикалық қалыптардың тілдік репрезенттелу ерекшеліктері, ұлттық болмысы біліммен байланысты. Өйткені рухани мәдениеттегі тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен байланысында ғана емес, адамның өмірден көрген-білгені, көңілге түйгені этномәдени пайымдаудың негізінде қалыптасады, – деп түйіндейді этнограф-ғалым А.Сейдімбек.

А.Сейдімбектің табиғатқа қатысты тыйымдар жөніндегі жинаған материалдарында ой орамы төмендегіше болып келеді: *жұлдызды санама; айды қолыңмен көрсетпе; көктемде жан-жануарға тиіспе; көк шөпті жапырма; қара жерді қазулы қалпында қалдырма; күн шыққан соң ұйықтама; бейуақытта жатпа; айға қарап дәрет сындырма; ақ төгілген жерді баспа (малдың желіні іседі); жаңа ай туғанда қойға қошқар жіберме; жас босанған ананы түнде суға жіберме; жаңа туған нәрестенің кіндігі қатқанша күн батпай тұрып күл шығарма; қойға*

қошқар салғанда зекіп сөйлеме; қой төлдеп жатқанда мал берме; қой жүнін өртеме; құмырсқаның илеуін бұзба; малдың көзінше жыртықшы аң-құстың атын атама; мал төлдеп жатқанда тесіліп қарама; өлік шыққан үйдің малын саума; сүтті отқа төкпе (мал желініне қотыр шығады); түнде күл шығарма; түнде судың бетін ашық қалдырма; үй ішінде жылан өлтірме т.б. (Сейдімбек, 2010: 208-211).

Сонымен қатар «жылан» демей – «түйебас» дейтін, «қасқыр» демей – «итқұс», «көкжал», «бөрі», «ұлыма» дейтін, «арыстан» демей – «аң патшасы» дейтін, «бүркіт» демей – «құс төресі» дейтін, «күн батты» демей – «күн байыды» дейтін т.б. тыйым сөздер мен бодау сөздерді де этнограф-ғалым табиғатқа қатысты тыйымның санатына жатқызады. Сондай-ақ көшпелі қазақтың дәстүрлі тыйымдарын адамға, қоғамға және табиғатқа қатысты кең ауқымда жіктеп алып, одан соң әрбір ырым-тыйымды қазақ халқының мәдениетіне, салт-санасына, әдет-ғұрпына байланысты тақырыпқа бөліп, экстралингвистикалық факторларға қатысты әрбір тыйымның мән-мағынасын жан-жақты талдап көрсетуі ғалымның дүниені тіл арқылы, табиғат арқылы табиғат – адам – қоғам кеңістігінде танып, тіл иесі болмысын ашуға бағытталған.

Ғалымдар Р.А. Авакова мен А. Султанчубиеваның «Әлемнің тілдік бейнесі – әлемнің мәдени бейнесі негізінде қалыптасатын болмысты, шындықты көрсетеді. Тіл рухани мәдениеттің бір бөлшегі, сонымен қатар мәдениет те тілдің бір бөлшегі болып саналады. Тіл әлемнің ұлттық көрінісінде кездесетін ұғымдардың барлығын белгілей алмайды, тек қана бейнелейді» (Авакова, Султанчубиева, 2010: 43-44), – деген қисынды ой-тұжырымдарды адамтанудағы, аталмыш тақырыпқа қатысты экстралингвистикалық факторға тән қасиет деп білеміз.

Қорытынды

Түйіндей келе қазақ халқының рухани мәдениетіндегі моральдық-этикалық қалыптары, ырым-тыйымдары көне де байырғы рухани қазынасы болып табылады. Көрнекті ғалым А.Сейдімбектің зерттеп, қарастырып отырған ырым-тыйымдары халықтың, ежелгі замандағы өткен өмір тіршілігі мен бүгінгі болмысын болашағымен жалғастыратын көркем мәтіндегі тілдік репрезентациясы, ырым-тыйымдар рухани, мәдени салт-дәстүрді жалғастырудың адамдар санасында, қоғам жадында, тілінде, ділінде сақталудың бірден-бір кепілі.

Адам мен оның тілін біртұтас деп қарастыратын концептуалдық үрдіс, тілді қоғамдағы адамдардың қарым-қатынас құралы ғана емес, танымдық тұрғыдан этностың рухани мәдениетінің моральдық-этикалық қалыптарының көрінісі, сол этностың бүкіл мәдени байлығының куәгері іспетті барлық болмысы мен өмір тіршілігінің, дүниетанымы мен әдет-ғұрпының, ырым-тыйымдарының жиынтығы деп қарайды.

А. Сейдімбектің қазақ этносына қатысты жинақтап жүйелеген ырымдардың тілдік бейнесінде сол ұлттық танымға қатысты мифологиялық, этникалық, эстетикалық, наным-сенімдік, моральдық-этикалық көріністер туралы когнитивтік ақпараттар сіңірілген.

Қорыта айтқанда, этнограф-ғалымның моральдық-этикалық ерекшеліктерін ұлттық болмыспен сабақтастықта қарастырған, қазақ халқының өмірден танып білген, көңіліне түйген этномәдени пайымдауларының тіл арқылы айғақталатынын қазақ тіл біліміндегі антропоэлектік бағыттың бір арнасы деп бағалауға болады.

Әдебиеттер

- Авакова Р.А., Султанчубиева А.А. (2010) Тілдің танымдық таңбасы // Тіл және руханият: өзекті мәселелер. – Астана, 2010. – 560 б.
- Бенвенист Э. (1974) Общая лингвистика. – М.: Наука, 1974. – 308 с.
- Жанпейсова С.Е. (1999) Рухани мәдениет лексикасы: филол. ғылым. канд. ... дис. автореф. – Алматы, 1999. – 30 б.
- Қайдаров Ә. (1988) Қазақ тілі тарихы лексикологиясының мәселелері // Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері. 3 – 40 б., – Алматы, 1988. 198 б.
- Манкеева Ж.А. (1997) Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы: филол. ғылым. док. дис. автореф. – Алматы, 1997. – 53 б.
- Маслова В. А. (2001) Лингвокультурология. Учебное пособие. – М.: Искусство, 2001. – 208 с.
- Рысбергген Қ.Қ. (2011) Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011. – 328 б.
- Сейдімбек А. (2010) Алты томдық шығармалар жинағы, 2-ші том. – Астана: Фолиант, 2010. – 816 б.

- Сейдімбек А.С. (2008) Қазақтың ауызша тарихы: зерттеу. – Астана: Фолиант, 2008. – 728 б.
- Сыздық Р. (2004) Абайдың сөз өрнегі. – Алматы, 2004. – 290 б.
- Тарланов З.К. (1993) Язык. Этнос. Время. Очерки по русскому и общему языкознанию. – Петрозаводск: Изд-во Петрозаводского государственного университета, 1993. – 222 с.
- Шындалиева М.Б. (2019) Ақселеу Сейдімбектің шығармашылық мұрасы: ұжымдық монография. – Алматы: Cyber Smith, 2019. – 284 б.

References

- Avakova R.A., Sultanchubiyeva A.A. (2010) Tildiñ tanymdyq tañbasy 43-50 b.b.// Til jáne ruhamat: ózekti máseleler. – Astana, 2010. – 560 b. [Avakova R. A., Sultanchubiyeva A. A. (2010) Cognitive characterization of the language // Language and spirituality: actual problems. – Astana, 2010. – 560 p.] (in Kazakh)
- Benvenist E. (1974) Obshaya lingvistika. – M.: Nauka, 1974. – 308 s. [Benveniste E. (1974) General Linguistics. – M.: Nauka, 1974. – 308 p.] (in Russian)
- Janpeisova S.E. (1999) Ruhami mádeniet leksikasy. filol. ğylym. kand. ... dıs. avtoref. – Almaty, 1999. – 30 b. [Zhanpeisova S. E. (1999) Lexicon of spiritual culture: philol. science. kand. ... dis. abstract. – Almaty, 1999. – 30 p.] (in Kazakh)
- Qaidarov Ä.(1988) Qazaq tili tarihi leksikologiasynyñ máseleleri // Qazaq tiliniñ tarihi leksikologiasy: problemalary men mindetteri. – bb. 3-40. – Almaty, 1988. – 198 b. [Qaidarov A. (1988) Problems of lexicology of the history of the Kazakh language // Historical lexicology of the Kazakh language: problems and tasks. – P. 3-40. – Almaty, 1988. – 198 p.] (in Kazakh)
- Mankeyeva J.A. (1997) Qazaq tiliniñ zattyq mádeniet leksikasy: filol. ğylym. dok. ... dıs. avtoref. – Almaty, 1997. – 53 b. [Mankeyeva Zh.A. (1997) Vocabulary of material culture of the Kazakh language: philol. science. doc. ... dis. abstract. – Almaty, 1997. – 53 p.] (in Kazakh)
- Maslova V.A. (2001) Lingvokulturologia. Uchebnoe posobie. – M.: Iskusstvo., 2001. – 208 s. [Maslova V.A. (2001) Linguoculturology. Textbook. – Moscow: Iskusstvo, 2001. – 208 p.] (in Russian)
- Rysbergen Q.Q. (2011) Últtyq onomastikanyñ lingvokognitivtik negizderi. – Almaty: Daik-Press, 2011. – 328 b. [Rysbergen K. K. (2011) Linguocognitive foundations of National onomastics. – Almaty: Daik-Press, 2011. – 328 p.] (in Kazakh)
- Seidimbek A.S. (2008) Qazaqtyñ auyzsha tarihy: zertteu. – Astana: Foliant, 2008. – 728 b. [Seidimbek A. S. (2008) Oral history of the Kazakh: a study. – Astana: Folio, 2008. – 728 p.] (in Kazakh)
- Seidimbek A. (2010) Alty tomdyq shyğarmalar jınaǵy, 2-shi tom. – Astana: Folio, 2010. – 816 b. [Seidimbek A. (2010) Collection of works in six volumes, 2nd volume. – Astana: Folio, 2010. – 816 p.] (in Kazakh)
- Syzdyq R. (2004) Abaıdyñ söz órneǵi. – Almaty, 2004. – 290 b. [Syzdyq R. (2004) Word expression of Abai. – Almaty, 2004. – 290 p.] (in Kazakh)
- Tarlanov Z.K. (1993) Iazyk. Etnos. Vremia. Ocherki po rysskomy i obshemu iazykoznanıu. – Petrozavodsk: PGU, 1993. – 222 s. [Tarlanov Z.K. (1993) Language. Ethnic group. Time. Essays on Russian and General linguistics. – Petrozavodsk: PGU, 1993. – 222 p.] (in Russian)
- Shyndaliyeva M.B. (2019) Aqseleu Seidimbektiñ shyğarmashylyq mūrasy: ujymdyq monografiya. – Almaty: Cyber Smith, 2019. – 284 b. [The creative heritage of Akseleu Seidimbek: a collective monograph. – Almaty: Cyber Smith, 2019. – 284 p.] (in Kazakh)